

**"Мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының макроэкономикалық саясатының теңгерімділігін арттыру жөніндегі 2025 – 2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 765 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 3 сәуірдегі № 216 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының макроэкономикалық саясатының теңгерімділігін арттыру жөніндегі 2025 – 2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 765 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік қаржының орнықтылығын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының макроэкономикалық саясатының теңгерімділігін арттыру жөніндегі 2025 – 2027 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірлері 1.1, 1.2, 1.3, 1.4 және 1.5-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

|     |   |                  |   |                                     |
|-----|---|------------------|---|-------------------------------------|
| 1.1 | Республикалық бюджеттің негізгі көрсеткіші (ковенанты) ретінде мұнайға қатысты емес тапшылықтың рөлін бекіте отырып, республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы деңгейін 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 7,3 %-ға, 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 4,9 %-ға, 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 3,7 %-ға, 2028 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,7 %-ға дейін төмендету | Үкіметке ақпарат | жыл сайын, 2025 – 2027 жылдардағы желтоқсан | ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша) |
|     | Республикалық бюджет тапшылығының   |                  |   |                                     |

|     |   |                  |   |                |
|-----|---|------------------|---|----------------|
| 1.2 | деңгейін 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,7 %-ға, 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 2,5 %-ға, 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 1,7 %-ға, 2028 жылы ЖІӨ-ге қатысты 0,9 %-ға дейін төмендету   | Үкіметке ақпарат | жыл сайын, 2025 – 2027 жылдардағы желтоқсан | ҰЭМ, Қаржымині |
| 1.3 | Мемлекеттік борыштың көлемін 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 25,1 %-дан, 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 25,3 %-дан, 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 25,5 %-дан, 2028 жылы ЖІӨ-ге қатысты 25,0 %-дан аспайтын мөлшерде сақтау                          | Үкіметке ақпарат | жыл сайын, 2025 – 2027 жылдардағы желтоқсан | ҰЭМ, Қаржымині |
| 1.4 | Үкіметтік борыштың көлемін 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 21,8 %-дан, 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 21,4 %-дан, 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 20,8 %-дан, 2028 жылы ЖІӨ-ге қатысты 19,6 %-дан аспайтын деңгейде сақтау                            | Үкіметке ақпарат | жыл сайын, 2025 – 2027 жылдардағы желтоқсан | ҰЭМ, Қаржымині |
| 1.5 | Республикалық бюджеттің кірістерін (трансферттерді есепке алмағанда) 2025 жылы ЖІӨ-ге қатысты 10,4 %-ға, 2026 жылы ЖІӨ-ге қатысты 10,5 %-ға, 2027 жылы ЖІӨ-ге қатысты 10,3 %-ға, 2028 жылы ЖІӨ-ге қатысты 10,1 %-ға дейін жеткізу | Үкіметке ақпарат | тоқсан сайын, 2025 – 2027 жылдар            | ҰЭМ, Қаржымині |

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

О. Бектенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК